



ПРЕЗИДЕНТ

ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістан Президенті Ариф Алвиға елдің солтүстік-батысында болған лаңкестік шабуыл салдарынан көптеген азаматтың қаза табуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқының және жеке өз атынан жақындарынан айырылған отбасыларға қайғыра көңіл айтты, сондай-ақ зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі АҚ басқарма төрағасы Қанат Шарлапаевты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2023 жылдың I жартыжылдығындағы «Бәйтерек» холдингі қызметінің нәтижелері, соның ішінде кәсіпкерлерді, агроөнеркәсіп кешенін қолдау және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі бастамалардың іске асырылу барысы туралы баяндалды.

Президентке ұсынылған мәлімет бойынша ірі бизнесті қаржыландыру көлемі 114,4 млрд теңге. Холдинг «Даму» қоры арқылы шағын және орта бизнесті дамытуды белсенді қолдайды. Қор 15 мыңнан астам кәсіпкерге қолдау көрсетті.

Жыл басынан бері «Отбасы Банк» 29 мың отбасының баспаналы болуына көмектескен. Банк баспананы жалға беруді субсидиялау бағдарламасына да белсенді қатысып келеді. Бағдарлама аясында I және II топтағы мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларды, жетім балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға және көпбалалы отбасыларға қайтарымсыз мемлекеттік қолдау көрсетілді. Бірінші жартыжылдықта аталған бағыт бойынша 9 мыңнан астам өтінім мақұлданды.

Сондай-ақ «Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ арқылы жыл басынан бері 271 млрд теңгенден астам қаржы бөлініп, 9 мыңға жуық фермерге қолдау көрсетілгені туралы хабарланды. Биыл 3,5 млн гектар жерге егін егілді. Бұл – еліміздегі барлық егін алқабының 15 пайызы. Азық-түлік қауіпсіздігін нығайту және импортқа тәуелділікті төмендету үшін ауыл шаруашылығындағы инвестициялық жобаларды несиелендіруге 131 млрд теңгенден астам қаражат бөлінді. Аграрлық секторды қаржыландыру көлемінің 70 пайыздан астамы «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ мен «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ға тиесілі.

Кездесу соңында Президент бизнестің ахуалын жақсартуға және әлеуметтік тұрғын үй саясатын жетілдіруге бағытталған нақты тапсырмалар берді.

ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТЫҢ ЕСЕБІ БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Мәрат Омаровты қабылдады

Президентке биылғы бірінші жартыжылдықтағы бәсекелестік жағдайы және негізгі тауар нарықтарындағы бәсекелестікке кедергі келтіретін тосқауылдар жөнінде есеп берілді.

Мемлекет басшысына монополияға қарсы тергеу амалдарының аралық нәтижелері, экономиканы монополиядан арылту және бәсекелестікті дамыту үшін қабылданған шаралар, сондай-ақ монополияға қарсы органның рөлін күшейту мәселесі туралы баяндалды. Жыл басынан бері монополияға қарсы заңнаманы бұзу деректері бойынша 48 істі тергеу аяқталды. Сондай-ақ 33 іс тергеліп жатыр. Бұл ретте жосықсыз нарық субъектілеріне 3,5 миллиард теңгенден астам айыппұл санкциясы салынды. Соттың қарауында 40-тан астам монополияға қарсы іс бар.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ел экономикасының негізгі салаларын монополиядан арылту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру ісін жалғастыруды және бәсекелестікті дамыту бойынша қосымша ұсыныстар дайындауды тапсырды.

САПАР

САПА ҚАТАҢ СҰРАЛАДЫ



Суреттерді түсірген Н.Нұржаубай

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жанақорған ауданына жұмыс сапарымен барып, әлеуметтік нысандардың құрылыс жұмыстарымен танысты.

Алдымен аймақ басшысы «Жайылы» ауылдық округіндегі 150 орындық ауылдық клубтың құрылыс алаңына барды. Нысанның бас мердігері – «Астана Сервис ЛТД» ЖШС құрылысты 2021 жылы тамыз айында бастаған. Осы тамыз айында аяқталмақ.

Әрі қарай Нұрлыбек Машбекулы осы ауылдық округтегі егін алқабын аралады.

Биыл Жанақорған ауданында 38 мың гектарға жуық жерге майлы және малазықтық дақылдар, картоп, көкөніс-бақша және басқа да дақылдар егілген. Мұнан бөлек, облыс әкімінің тапсырмасымен картоп, көкөніс-бақша дақылдарын егуге ынталы азаматтарға 295 гектар жер дайындалып берілді. Ескерсек, өткен жылдан бері ауылдарда өздерін қажетті азық-түлікпен

қамтуға және қосымша табыс табуға ниет білдірген отбасыларға осындай қолдау шарасы қарастырылған.

Мұнан әрі аймақ басшысы аудан орталығындағы 300 орындық мектеп құрылысымен танысты. Білім ошағы 2020 жылдан бері салынуда, алдағы оқу жылында пайдалануға берілімек. Облыс әкімі мектеп құрылысын сапалы жүргізіп, уақытылы аяқтауды тапсырды.

Сапар соңында Нұрлыбек Машбекулы Жанақорған кенті С.Қожанов көшесіндегі теміржол өткеліне барды. Ұзындығы 92 метр көпір өткен ғасырдың 60-шы жылдары салынған. Алдағы уақытта нысанның техникалық жағдайына сараптама жасалады. Пайдалануға жарамды болса, оған қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілімек.



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА 85 ЖЫЛ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚОРЫ ОБЛЫС ТАРИХЫМЕН ТАМЫРЛАС ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

Әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жыл сайын артып келетін өңірдің облыс болып құрылғанына биыл 85 жыл толып отыр. Осынау жыл ішінде өңірдің қалыптасуы, тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңдегі өсіп-өркендеу жолындағы бағындырған биігі, алған асуы аз емес. 1938 жылы 15 қаңтарда Қызылорда облысын құру туралы қаулы қабылдана, 1939 жылы 7 ақпанда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының ұйымдастыру комитетінің арнайы Қаулысымен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі құрылды. Демек, облыстың құрылуымен бірге бұл саланың да 85 жылға жуық тарихы бар.



Сб Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Шаһар орталығында орналасқан музейдің қазіргігімараты – қаламызды көркейтпін тұрған архитектуралық ескерткіштердің бірі. Мұнда облысымыздың өлке тарихы мен мәдениетіне қатысты 65474 экспонат сақтаулы. Тарихтан сыр шертетін әрбір экспонаттың музейде алар орны айрықша.

Алғаш рет Қызылорда облысының 85 жылдығы аясында еліміздің ерте дәуірдегі мәдениетін, тарихын айқындайтын ұлттық құндылықтар «Арқаның Алтын адамы» мен Алтын Орда дәуіріне жататын гипперреалистік



кейіптегі Болған Ана бейнесі, Батыс өңірінің «Сармат көсемі» мен «Тақсай Ханшайымы» сынды «Алтын адам» бірегей археологиялық жәдігерлерінен «Алтын киімді Ұлы дала елі» атты көрме ұйымдастырылып, Сыр жұртшылығы Ұлы даланың жауһар жәдігерлерімен танысуға мүмкіндік алды. Музей директоры Сапар Көзейбаев толымды істер мен алда атқарылар жұмыстар жайында толығырақ айтып өтті. Оның айтуынша, 85 жылға жуық тарихы бар музей өз жұмысын өлке тарихы мен табиғатын зерттеуден бастаған. Музейдің ең алғаш тұрағы 1890-1896 жылы салынған Христос Спаситель шіркеуінде болыпты.

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП



ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІ: ЖАСТАРДЫ ЖАЛМАҒАН КЕСЕЛ

Кейінгі жылдары жастар арасында «сөнге» айналған электронды темекілердің зияны туралы аз айтылған жоқ. Денсаулыққа аса зиянды, өмірге қауіпті екенін мамандар жиі ескертті. Дегенмен еркін саудаланғаны жақсы білеміз. Таяуда қоғам үшін, соның ішінде жастарға қатысты маңызды шешім қабылданақ. Еліміз электронды сигареттерге толықтай тыйым салмақ ниетте. Бұған түрткі болған факторлар жетерлік.

Сб Мадияр ТӨЛЕУ,
«Сыр бойы»

ӨЗГЕРІСКЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҢ ШЕШІМ

Биыл маусымда Түркістанда Ұлттық құрылтай өтті. Дәл осы жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев вейп және түрлі электронды темекілерді ұлт саулығына қауіп төндіретін кесел ретінде атаған болатын. Мемлекет басшысының пікірінше, жас ұрпаққа қауіп төнді, өйткені аса зиянды вейптер есірткі тұтынуға алғашқы қадам болуы мүмкін. Сондықтан Үкіметке өршіп бара жатқан осы қауіпті құбылысқа қарсы пәрменді, жүйелі шаралар қабылдауды тапсырды. Трендке айналған вейптерге қарсы шара қабылдаудың қажеттілігі бары рас. American Journal of Respiratory and Critical Care Medicine басшылығының дерегінше, ғалымдар вейптерге ғана тән, ерекше ауыр дертке evali деген атау берген. Бұл E-ciga rette and Vaping use-Associated Lung Injury, яғни, электронды сигареттер мен вейптерді тартудан туындаған өкпенің зақымдалуы дегенді білдіреді. Бұл аурудың механизмдерін медицина ғылымы әзірге толыққанды зерттей алған жоқ. Бір белгілісі, е-сигарет немесе вейп шегетін адамдардың өкпелері қабынып, іріп кететіні сонша, симптомдары жағынан экзогенді липоидтік пневмонияға, химиялық пневмонитке ұқсайды.



www.facebook.com/syrboiy.kz/

https://twitter.com/syrboiy

www.instagram.com/syrboiykz



Құжат

№115 (20588) 1 тамыз, сейсенбі 2023 жыл

3

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 2 наурыздағы №241 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығына 2-қосымша Нысан

Бухгалтерлік балансы 2023 жыл есепті кезең

Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне.
Әкімшілік деректер нысаны www.mfin.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған
Әкімшілік деректер нысанының индексі: № 1 - Б (баланс)
Кезеңділік: жылдық
Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар
Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын есептің кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей
Ескертіле: есепті тоғыз бөлімі бойынша түсіндіру «Бухгалтерлік балансы әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада келтірілген
Ұйымның атауы: Акционерное Общество Кызылординская распределительная электросетевая компания

30 маусым 2023 жылғы жағдай бойынша

Table with columns: Активтер, Жол коды, Есепті кезеңнің аяғында, Есепті кезеңнің басында. Rows include various assets like cash, receivables, and investments.

Table with columns: Міндеттеме және капитал, Жол коды, Есепті кезеңнің аяғында, Есепті кезеңнің басында. Rows include liabilities and capital items like loans, taxes, and reserves.

Басшы Қарақозов Б. К. (тегі, аты-жөні (болған кезде))
Бас бухгалтер Абдибаева А. А. (тегі, аты-жөні (болған кезде))

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 2 наурыздағы №241 бұйрығына 3-қосымша Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығына 4-қосымша Нысан

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс) есепті кезең 2023 жыл

Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне.
Әкімшілік деректер нысаны www.mfin.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған
Әкімшілік деректер нысанының индексі: № 3 - АҚК-Т
Кезеңділік: жылдық
Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар
Ескертіле: есепті тоғыз бөлімі бойынша түсіндіру «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» (тікелей әдіс) әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада келтірілген
Ұйымның атауы: Акционерное Общество Кызылординская распределительная электросетевая компания
1 жарты жыл 2023 жыл

Table with columns: Қорсеткіштердің атауы, Жол коды, Есепті кезең үшін, Алдағы кезең үшін. Rows include operating activities, investing activities, and financing activities.

2-бет

Table with columns: МЫҢ ТЕНГЕДЕ, Жол коды, Есепті кезең үшін, Алдағы кезең үшін. Rows include operating, investing, and financing activities.

Table with columns: Жол коды, Есепті кезең үшін, Алдағы кезең үшін. Rows include balance sheet items like receivables, payables, and assets.

Мор орны (болған кезде)
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 2 наурыздағы №241 бұйрығына 2-қосымша Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығына 3-қосымша Нысан

Пайдалар мен залалдар туралы есеп 2023 жыл есепті кезең

Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне.
Әкімшілік деректер нысаны www.mfin.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған
Кезеңділік: жылдық
Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар
Ескертіле: есепті тоғыз бөлімі бойынша түсіндіру «Пайдалар мен залалдар туралы есеп» әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада келтірілген
Ұйымның атауы: Акционерное Общество Кызылординская распределительная электросетевая компания
1 жарты жыл 2023 жыл

Table with columns: Қорсеткіштердің атауы, Жол коды, Есепті кезең үшін, Алдағы кезең үшін. Rows include various types of income and expenses.

Басшы Қарақозов Б. К. (тегі, аты-жөні (болған кезде))
Бас бухгалтер Абдибаева А. А. (тегі, аты-жөні (болған кезде))

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 2 наурыздағы №241 бұйрығына 3-қосымша Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығына 4-қосымша Нысан

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп 2023 жыл есепті кезең

Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне.
Әкімшілік деректер нысаны www.mfin.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған
Әкімшілік деректер нысанының индексі: № 5 - КӨ
Кезеңділік: жылдық
Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар
Ескертіле: есепті тоғыз бөлімі бойынша түсіндіру «Капиталдағы өзгерістер туралы есеп» әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада келтірілген
Ұйымның атауы: Акционерное Общество Кызылординская распределительная электросетевая компания
1 жарты жыл 2023 жыл

Table with columns: Мешік иелеріне тиесілі капитал, Жол коды, Жарғылық (акцио-нерлік) капитал, Әмсиялық кіріс, Сатып алынған меншік үлесі, Өзге жанытық кіріс, Бөлінбеген пайда, Өзге капитал, Бақылан-байтын меншік иелерінің үлесі, Капитал жаныны. Rows include various components of equity.

Басшы Қарақозов Б. К. (тегі, аты-жөні (болған кезде))
Бас бухгалтер Абдибаева А. А. (тегі, аты-жөні (болған кезде))

Table with columns: МЫҢ ТЕНГЕДЕ, Жол коды, Жарғылық (акцио-нерлік) капитал, Әмсиялық кіріс, Сатып алынған меншік үлесі, Өзге жанытық кіріс, Бөлінбеген пайда, Өзге капитал, Бақылан-байтын меншік иелерінің үлесі, Капитал жаныны. Rows include various components of equity.

Table with columns: Мешік иелеріне тиесілі капитал, Жол коды, Жарғылық (акцио-нерлік) капитал, Әмсиялық кіріс, Сатып алынған меншік үлесі, Өзге жанытық кіріс, Бөлінбеген пайда, Өзге капитал, Бақылан-байтын меншік иелерінің үлесі, Капитал жаныны. Rows include various components of equity.

Table with columns: Мешік иелеріне тиесілі капитал, Жол коды, Жарғылық (акцио-нерлік) капитал, Әмсиялық кіріс, Сатып алынған меншік үлесі, Өзге жанытық кіріс, Бөлінбеген пайда, Өзге капитал, Бақылан-байтын меншік иелерінің үлесі, Капитал жаныны. Rows include various components of equity.

Басшы Қарақозов Б. К. (тегі, аты-жөні (болған кезде))
Бас бухгалтер Абдибаева А. А. (тегі, аты-жөні (болған кезде))

